

## **Орлиногор мемлекеттік табиғи қоралым (ботаникалық) аумағында шаруашылық қызметтерге шектеу қою туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 10 қыркүйекте N 262 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 7 қазанда N 1690 тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 27 бабы 1 тармағы 9) тармақшасы, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 Заңы 68 бабы 1 тармағы негізінде, бірегей табиғи кешендерді және мемлекеттік табиғи қорғалымдардың мемлекеттік табиғи-қорықтық қорлары объектілерін сақтау, қайта қалпына келтіру және одан әрі дамыту мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орлиногор мемлекеттік табиғи қорғалымы (ботаникалық) аумағындағы жер пайдаланушылардың және табиғат пайдаланушылардың шаруашылық қызметтеріне келесі шектеулер енгізілсін:

мал жаюға, шөп шабуға, ағаш кесудің барлық түрлеріне, гүлдерді жинауға, түптерді , түйнектерді, және өсімдіктердің баданаларын тамырымен қазуға;

от жағуға;

жолдары жоқ жерлерде көлік құралдарының жүруіне және жылжуына;

өсімдіктердің және жануарлардың жаттұқымды түрлерінің интродукциясы;

сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттерге.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.03.2022 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.03.2022 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК